

**6B018– Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандар дайындау
білім беру бағдарламасы бойынша**

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**Авторлары: Сураншиева М.К.– PhD доктор, аға оқытушы
Булшекбаева А.И. - PhD доктор, аға оқытушы**

БАКАЛАВРИАТ ДЕҢГЕЙІ

Пән циклы	Пәндер атауы және олардың негізгі бөлімдері	(ECTS) көлемі
ЖББП 1	ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (ЖББП)	5
1.	Экономика және бизнес негіздері	5
	Қоғамдық өндіріс. Капиталдың мәні, формалары, құрылымы. Өндіріс шығындары. Нарықтық экономикадағы өндіріс кірістері. Бизнес түсінігі. Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Меншік теориясы, шаруашылық жүргізудің қоғамдық формалары. Тауар, ақша. Қоғамдық-экономикалық жүйе. Нарықтың пайда болуы. Қаржы жүйесі. Бизнесі дамытудағы мемлекеттің рөлі. Макроэкономика. Ресурс үнемдеу. Экономикалық дамудың циклділігі. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде.	
2.	Құқық және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері	5
	Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелері; мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, экономиканы мемлекеттік реттеудің өкілеттіктер шеңбері, мақсаттары, әдістері, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі; қаржылық құқық және қаржы; материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігі; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның шығу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілік шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама	
3.	Адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	5
	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, оның негізгі ережелері. Қауіптер, төтенше жағдайлар. Тәуекелді талдау, тәуекелдерді басқару. Адам қауіпсіздігі жүйелері. Қазіргі заманғы тұрақсыздандыру факторлары. Әлеуметтік қауіптер, олардан қорғау: рухани саладағы, саясаттағы қауіптер, олардан қорғау: экономикалық саладағы қауіптер, тұрмыстағы, күнделікті өмірдегі қауіптер. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қызметін құқықтық реттеу органдарының жүйесі.	
4.	Экология және тұрақты даму	5
	Тірі организмдердің, әртүрлі деңгейдегі экожүйелердің, жалпы биосфераның қызмет етуінің негізгі заңдылықтары, олардың тұрақтылығы; биосфера компоненттері мен адамның шаруашылық іс-әрекетінің экологиялық салдарының өзара әрекеттесуі, әсіресе табиғатты пайдалануды интенсификациялау жағдайында; ҚР және әр түрлі елдерде тұрақты дамудың концепциялары, стратегиялары және практикалық міндеттері туралы қазіргі заманғы түсініктер; экология, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму мәселелері.	
БП 2	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	
1	Білім берудегі менеджмент және электронды	5

	құжаттандыру	
	Педагогикалық менеджменттің ғылыми-әдістемелік негіздері. Мектепшілік басқару. Мектептегі менеджменттің заңдылықтары мен қағидаттары. Педагогикалық менеджменттің қызметтері және әдістері. Басқару стильдері. Басқару іс-әрекетінің әдеби мен мәдениеті. Маркетинг. Білім беруді ұйымдастырудың қабілеттілігі. Сабақтың жүргізілуін ескеру бойынша электронды журнал. Толтырылған құжаттар, есептер, оқытушылар мен оқушылардың қатысуын бақылау т.с.с.	
2	Инклюзивті білім беру	5
	Әлеуметтік және білім беру саясатындағы инклюзивті білім берудің рөлі. Инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық қамтамасыздануы, үлгілер, формалар мен түрлері. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мәселелері. Мүмкіндігі шектеулі балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс жасаудың психологиялық-педагогикалық технологиялары. Инклюзивті білім беру ұйымдарында педагогтар және психологтармен өзара әрекеттесу.	
3	Педагогикалық өлшемдер	5
	Оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдары. Бағалау қызметінің мәселесі. Критериалды бағалау технологиясының моделі. Бағалау принциптері. Бағалау кезеңдері мен құралдары. Критериалды кестелер-айдаршалар. Формативті бағалау және жиынтық (ішкі және сыртқы) бағалау. Жиынтық бағалау нәтижелерін модерациялау. Білім беру нәтижелерін бағалаудың критерийлері. Өзін-өзі және өзара бағалау. Портфолионың педагогикалық міндеттері. Портфолионың функциялары мен құрылымы.	
4	Педагогика, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі танудың тарихы	5
	Педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогикалық ойдың пайда болудың тарихи негіздері. Қазақстандағы мектеп пен педагогикалық ой. Әлеуметтік педагогика тарихының пәні мен міндеттері. Тарихи ретроспективадағы әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтік-педагогикалық идеялардың дамуы. Әлеуметтендіру, әлеуметтік тәрбие және әлеуметтік-педагогикалық идеялар. Тарихи ретоспективадағы «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы.	
5	Әлеуметтік психология	3
	Теориялық және тәжірибелік міндеттер, әлеуметтік психологияның пәні мен әдістері. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сипаты. Кіші топтардағы көшбасшылық. Әлеуметтендіру мен бейімдеудің ұғымдары. Әлеуметтік-психологиялық диагностика және әлеуметтік мінез-құлықты жобалау. Қарым-қатынас психологиясы. Оның функциялары, түрлері және деңгейлері. Тұлғааралық әрекеттесу. Тұлғааралық конфликт және шешу тәсілдері. Кіші топ, топтың негізгі параметрлері және әлеуметтік-метрикалық құрылымы. Топтардың даму үлгілері.	
6	Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердегі статистикалық әдістер	4
	Эмбебап (Excel және Statistica электронды кестелері) және арнайы («Педагогикалық статистика») бағдарламаларды қолданумен	

	статистикалық әдістерді қолдану. Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердегі статистиканың пәні мен міндеттер. Статистикалық зерттеу әдістері: түрлер, қолданудың педагогикалық шарттары. Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердегі іріктеулер. Сипаттамалық статистиканың әдістері мен көрсеткіштерін қолдану ерекшеліктері. Статистикалық әдіс ретіндегі графикалық әдіс.	
7	Отбасы педагогикасы	5
	Отбасы педагогикасы ғылым ретінде. Отбасылық педагогиканың дамуы мен қалыптасуы. Отбасы әлеуметтендіру мен тәрбиенің субъектісі ретінде. Отбасының нормативті-құқықтық базасы. Отбасылық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негіздері. Отбасылық тәрбиенің мазмұны. Түрлі жас шамасындағы балаларды отбасыда тәрбиелеу. Отбасыда тәрбиелеу әдістері. Ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары. Отбасыны зерттеу әдістері. Отбасылық тәрбиелеудің шетел тәжірибесі.	
8	Қазіргі білім беру технологиялары	5
	Педагогикалық технологияның ұғымы мен мәні. Педагогикалық технологиялардың классификациясы. Оқыту мен тәрбиелеудің объектісі мен субъектісі ретіндегі баланың тұлғасы. Педагогикалық технологияларды ізгілендіру және демократизациялаудың негізінде білім беру технологиялары. Оқушылардың іс-әрекетін белсендету негізіндегі білім беру технологиялары. Оқу үрдісін ұйымдастыру және басқару негізінде педагогикалық технологиялары. Оқытудың дамытушы технологиялары. Ақпараттық-коммуникативті және денсаулықты сақтау технологиялары.	
9	Еріктілер жұмысы мен педагогикалық анимацияның негіздері	5
	Еріктілер жұмысының мән-мағыналық ерекшеліктері. Волонтерлық қозғалыстың пайда болуы. ҚР-дағы волонтерлық іс-әрекеттің нормативті-құқықтық негіздері. Шет елдердегі волонтерлық қозғалыс. Волонтерлық бірлестікті ұйымдастыру. Волонтерлардың қызмет көрсету моделдері. Бос уақытты ұйымдастыру саласындағы театрлық педагогиканың мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері. Қызығушылықтар бойынша клубтың іс-әрекеті, ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы. Әлеуметтік-қорғау және оналту технологиялары мен анимациялары.	
10	Суицидті алдын-алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері	5
	Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша негізгі әлеуметтік-педагогикалық шаралармен танысу. Суицид, суицидалды және аутоагрессивті мінез-құлық, парасуицид ұғымдарын анықтау. Суицидтік мінез-құлық тұжырымдамасы. Суицидтік мінез-құлықтың детерминанттары мен динамикасы. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алуды заңнамалық және нормативтік құқықтық реттеу. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды, жасөспірімдер мен отбасыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.	
11	Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі жұмысындағы мониторинг	5
	Мониторингтің мәні және ұғымдары. Білім берудегі мониторинг ғылыми және практикалық мәселе ретінде. Білім берудегі мониторингтің мақсаты. Педагогикалық мониторинг. Әлеуметтік-педагогикалық мониторингтің мазмұны. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет	

	нәтижелілігінің өлшемдері мен көрсеткіштері. Рухани-адамгершілік білім берудегі мониторингтің мазмұнына негізгі талаптар. Рухани-адамгершілік білім берудегі мониторингтің сандық және сапалық әдістері. Рухани-адамгершілік білім беру іс-әрекет нәтижелілігін мониторингілеу. Тұлғаның тұтас дамуын мониторингілеу.	
12	Педагогикалық практика	4
	Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі қызметінің нормативтік-құқықтық базасын, жылдық жұмыс жоспарын, оны орындау ерекшеліктерін зерттеу. Әлеуметтік-педагогикалық қызметті жоспарлауды талдау. Білім беру ұйымының Әлеуметтік-педагогикалық қызметімен танысу. Білім беру ұйымдары клиенттерінің әр түрлі категорияларымен жұмыс істеу үшін психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістемелерінің, практикалық іс-әрекет құралдарының пакеттерімен танысу. Әлеуметтік-педагогикалық технологияның диагностикалық блогын әзірлеу	
КП 3	КӘСІБИ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (КП)	
1	Жетім балаларға арналған ұйымдардағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	4
	Курстың мақсаты мен мазмұны "жетім балаларға арналған ұйымдардағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс". ҚР-дағы балалардың қорғаншылық және қамқоршылық жүйесінің тарихы мен қазіргі жағдайы. Қазіргі жағдайда жетім балалардың қамқорлығының баламалы түрлері. Әлеуметтік педагогтың балалар үйінің балаларымен жұмысы. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты нормативтік-құқықтық базаның ерекшеліктері.	
2	Девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	4
	Девиантты мінез-құлық әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде, оның себептері мен көріністері. "Тәуекел тобы" ұғымы. Балалардың маскүнемдігі әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде. Нашарлық-балалардың девиантты мінез-құлқының көрінісі. Кәмелетке толмағандардың қылмысы әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде. Девиантты мінез-құлықтың диагностикасы. Жасөспірімнің тыныс-тіршілігінің экзистенциалды мәнін қалыптастырудың ұғымдық аппараты. Девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік-педагогикалық профилактикалық және оңалту қызметі.	
3	Әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру әдістемесі	5
	Әлеуметтік-педагогикалық жұмыста кеңес беру. Кеңес берудің мәні мен негізгі сипаттамалары. Кеңес беру процесінің технологиясы, оның негізгі кезеңдері. Әлеуметтік педагогтың клиенттермен жеке жұмысының мәні мен моделі. Кеңес беру рәсімдері мен техникасы. Мектепте кеңес беру. Мектепте отбасыларға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру үрдісінің кезеңдері. Ойынды модельдеу үшін жағдаяттар. Кеңес беруде кездесетін маңызды әлеуметтік-психологиялық мәселелер.	
4	Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі стрессменеджмент	5
	Стресс және оның түрлерінің жіктелуі. Стресс теориясы. Стресс денсаулық үшін қауіп факторы ретінде. Стресс сигналдары. Стресс белгілері. Стресс тудыратын себептер. Стрессті басқару тәсілдері. "Оптимизммен стрессті басқару" тренингтік бағдарлама.	

	Стресстің алдын алу принциптері. Стрессті жеңу бойынша құзыреттілікті қалыптастыру. Стресс тұрақтылығы. Стресстерді еңсеру бойынша ресурстар мен ресурстарды жандандыру. Стресстік жағдайларды талдау.	
5	Педагогикалық шеберлік негіздері	4
	Педагогикалық шеберлік және оның маңызы. Педагогикалық мәдениет: мәні, мазмұны және қалыптасу жолдары. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі. Педагогикалық техника педагогикалық шеберліктің элементі ретінде. Артистизм-педагогтың шығармашылық даралығының компоненті.. Оқытушының сөйлеу мәдениеті. Өзін-өзі жетілдіру және өзін — өзі тәрбиелеу-кәсіби шеберлікті жетілдіру факторы. Педагогикалық қарым-қатынас шеберлігі. Педагогикалық этика.	
6	Жобалық іс-әрекет негіздері	4
	Microsoft Office Word мәтінімен жұмыс жасау. Power Point презентациясын жасау. Жобаның мәнін ашу. Жобалық іс-әрекеттің типтері және түрлері. Жобаның тақырыбын таңдаудағы талаптар. Жобаның тақырыбы мен мақсатын тұжырымдау. Жобаның ғылыми аппараты. Жобаның жоспарын құрастыру. Ақпаратты іріктеу мен талдау. Жобаны рәсімдеу мен қорғауға қойылатын талаптар.	

Кафедра меңгерушісі _____ Кыякбаева У.К.